

ӘОЖ 81'367

В. Байзакова

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің II курс магистранты,  
Алматы қ., Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – ф. ғ. к. доцент А. Қ. Таусоғарова  
e-mail: [planetavenera90@mail.ru](mailto:planetavenera90@mail.ru)

### Үш тілді тұлғаның басым тілі және оның тілді меңгерудегі интерференциялық көрінісі

Мақалада шет тілі, яғни ағылшын тілін үйрену барысында пайда болатын синтаксистік интерференцияның туындауы жайлы мәселелер қарастырылған. Билингв – қазақтың ана тілінің әсерімен немесе өсерінсіз туындаған сөйлемдердегі қателерді анықтау. Қазақ тілі ана тілі болып, ағылшын тілі – үйренуші тіл болып табылатын билингвтің ауызша және жазбаша тілінде байқалатын қазақ-ағылшын синтаксистік интерференциясын зерттеу, сонымен қатар жай сөйлем деңгейіндегі нақты интерференциялардың шығу көзін, түрін және сипатын анықтау болып табылады.

Мақалада, сонымен қатар тілдік қарым-қатынас нәтижелері қарастырылады, нақтырақ айтсақ, үйреніп жатқан ағылшын тіліне қазақ-ағылшын билингвизм кезінде ана тілінің интерференциясының түрлері мен тектерін анықтау, онда бұл жерде бірінші кезекте билингвизм немесе қос тілділік деп аталатын кен әрі күрделі түсінікті қарастыру мәселесі қарастырылды.

**Түйін сөздер:** интерференция, интеркаляция, көстілділік, этнос мәдениеті, объективті интерференция.

В. Байзакова

### Доминирующий язык трилингва и проявление интерференции при усвоении языка

Одним из условий эффективного овладения английским языком казахами является учет влияния родного языка на процесс обучения английскому языку, то есть интерференция. В статье указываются ошибки, которые совершают казахи, когда говорят на английском языке. В этой статье было исследовано появление синтаксических взаимовмешательств. Важнейшей составляющей и следствием взаимодействия и разносистемных, и родственных языков является билингвизм, который, в свою очередь, сам создает предпосылки для возникновения языковых контактов, проявляющихся в виде интерференции.

Исходя из того, что язык – средство общения, а минимальной единицей общения является высказывание, состоящее из простого предложения, становится несомненной важность разработки проблем синтаксической интерференции. Необходимость исследования проблем, связанных с влиянием родного языка на изучаемый иностранный, диктуется также необходимостью подготовки высококвалифицированных специалистов, свободно владеющих, наряду с родным, государственным языком и английским профессиональным.

**Ключевые слова:** интерференция, интеркаляция, двуязычие, этническая культура, объективная интерференция.

V. Baizakova

### Dominant language of three language learning person and the appearance of interference in its language acquisition

One of the conditions for effective learning English is the influence of native Kazakh language in learning English language, that is interference. This article pointed out the errors that Kazakhs make when they speak English. Scientific and theoretical work of bilingualism was examined. The emergence of syntactic interference was studied in this article. The most important component and consequence of the interaction of different systems and related language is bilingualism, which in turn, itself a prerequisite for the emergence of language contact, as manifested in the form of interference.

Based on the fact that the language – a means of communication, and communication is the smallest unit of a statement consisting of a simple sentence, and it becomes apparent with the importance of developing problems in syntactic interference. We need to study a problems associated with the influence of native language while learning a foreign language. It is also dictated by the need to prepare highly qualified specialists who are fluent along with the native, official language and English-professional.

**Key words:** interference, intercalation, bilingualism, ethnical culture, the objective interference.

Қазіргі таңда Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаятқа және көптілділікке қатысты мемлекет саясаты жөнінде, ана тіліміз бен шет тілдерінің ішкі субъективті өзара ықпалдастығының ерекшеліктері мен билингвалды я полиглот тілдік тұлғаның қалыптасуына қатысты кең ауқымды сұрақтар қарастырылуда. Қазіргі тілдік жағдаят қазақ тілінің үштұғырлы тіл саясатында алатын орнына байланысты әр түрлі мәселелерді қарастырса, тілдік қатынас негіздері, өзге тілді меңгеру теориясы сияқты тіл білімі ғылымдарының шет тілін, оның ішінде, үштұғырлы тіл саясаты компоненттерінің бірі – ағылшын тілінің тіл үйренушілер тарапынан меңгерілуіне қазақ тілінің психолингвистикалық ықпалдастық ерекшеліктерін қарастыруын талап етеді. Екіншіден, аталмыш ықпалдастық билингвтің шет тілін үйренуіне оң, сондай-ақ кері әсерін де тигізбей қоймайтын негізгі факторлардың бірі болмақ. Бұл салада жүргізілген зерттеу жұмыстардың аздығы қазақ тілді аудиторияларда ағылшын тілін үйретуге байланысты мәселелерді шешуді қиындатып отыр. Нақ осы уақытта әлемнің түрлі елдерінің экономикалық, саяси және мәдени байланыстарының үдей түсуі тілдік қызметті өзгертті және әлі де өзгертіп келеді, тілдік саясат объектілерінен ана тіліміздің қайта жаңғырып, сақталып және кең таралуына және шет тілін оқып меңгеруге байланысты осы сәтте тілдік жоспарлау аясында ана тіліміз – қазақ тілін белсенді дамытуға, сондай-ақ, халықаралық қарым-қатынас тілі болып саналатын ағылшын тілін үйренуге басты назар аударылып келеді. Ана тіліміз қазақ тілін ауызша да жазбаша да сауатты түрде меңгеруіміз ағылшы тілін үйренуде үлкен көмек болады, өйткені, екі тілдік жүйені саналы түрде салғастыра білу ана тілінің ықпалын бәсеңдетеді. [1, 25-30]

Мысалы, іскерлік ортада ағылшын тілінің барынша қолданылуы оның қажетті деңгейін білумен тығыз байланысты. Осы мәселелерге орай тілдік саясаттың құралы болып табылатын ағылшын тілін барлық білім беру жүйесіне енгізуді жүзе асыру барысында субъектілер экстралингвистикалық және психолингвистикалық проблемалармен бетпе-бет келеді. Бірінші орындағы мәселелерге тілді үйрету сапасы, оқу құралдарының сапасы, тілді үйренуге жасалған жағдай және т.б., ал екінші орындағы мәселелерге тілді үйренудегі туа бітетін қабілет, тілді меңгеру дәрежесі, ана тілінің ықпалы және т.б. жатады.

Сабақ беру сапасы мен сәйкес оқу құрал-

дарын пайдалану ағылшын тілін сәтті меңгеруде, біздің ойымызша, басты рөлді атқарса, ана тілі мен үйретіліп жатқан тілді оқытудың бастапқы сатысында тіл үйренуші дағдысынан көрініс беретін аталмыш тілдердің өзара психолингвистикалық ықпалдастығы факторының да маңызы кем емес. Яғни, үйретіліп жатқан ағылшын тілінің фонетикалық, грамматикалық жүйесінің меңгерілуіне ана тілі – қазақ тілі жүйесінің қабаттасуы – интерференция ықпал етіп, тіл үйренушінің сөйлеу дағдысында жағымсыз сипатта көрініс береді. Осы мәселені дұрыс шешу мақсатында, ең алдымен, ана тілі ықпалының пайда болу себептерін анықтау мақсатында интерференцияны болжауға бағытталған бірнеше зерттеулер жүргізу өте қажет.

Осыған орай, біріншіден, қазақ және ағылшын тілдеріндегі жай сөйлем құрылымын салғастырылуы, сөйлемдерінің синтаксистік құрылымдарындағы айырмашылықтардың анықталуы – осы тілдердің типологиялық және генеалогиялық жағынан екі түрлі тілдік топтарға жататындығымен байланыстыруға болады. Әртүрлі тілдік жүйедегі тілдерге тән құрылымдық айырмашылық, әсіресе, синтаксис саласында айқын байқалады.

Қазақстан Республикасындағы тілдік жағдаяттарға талдау жасау негізінде қос тілді билингв тұлғалардың қалыптасу жағдайларын қарастыруға болады. Қазақ-билингвтің шет тілін үйрену жағдайы оның тілдік мінез-құлқына айтарлықтай әсер етеді. Егер билингвтің ана тілі болып саналатын қазақ тіліне үйреніп жатқан ағылшын тілімен байланысқа түсетін жалғыз тіл деп қарайтын болсақ, онда қателесеміз. Біздің еліміздегі қалыптасқан тілдік жағдаяттарды ескерер болсақ, онда ана тілімен қатар ағылшын тілін меңгеруде Қазақстанда кеңінен жайылып, қазақ-билингвтің санасында тұрақты қалыптасқан орыс тілінің де ықпалы болуы сөзсіз.

Қазақ тілді мәдениет, жанұялық-тұрмыстық, мектептегі қазақы орта және де қазақша тілі шыққан билингвтің санасында қазақ тілі басты орында тұрады. Яғни, тілдік басымдылық тілдік факторлардың күрделі комбинациясынан тұрады. Осыдан түйетініміз, біздің ең бірінші міндетіміз – тіл үйренушіде қай тілдің басым болып саналатынын анықтап, негізгі интерференция көзін айқындау болып табылады.

Басым тілді анықтау У. Вайнрайх жасап кеткен (тіл білудің салыстырмалы жетістігі бойынша, пайдалану әдістері бойынша, үйрену

тәртібі және жас шамасы бойынша, сөйлеушінің қоғамдағы рөлі бойынша, қарым-қатынастағы рөлі бойынша) тілдік тұлға қарастырып отырған басым тілді анықтауға мүмкіндік берді. Алғашқы төрт критерийге сүйенсек, ағылшын тілін үйренудің бастапқы кезеңінде басымдылық қазақ тіліне беріледі, біріншіден, студент сол кезде орыс тіліне қарағанда қазақ тілін еркін меңгерген, екіншіден, оны ауызша да, жазбаша да қолданады, ал орыс тілін тек ауызша қолданады, үшіншіден, бала кезінен үйренген қазақ тілі кейінірек үйренген орыс тіліне қарағанда билингв санасында басымдылық танытады, төртіншіден, Қазақстан Республикасының тілдік саясатына сай «қоғамда ана тілін еркін меңгерумен өз этносының мәдениетін міндетті түрде білу керек» деген көзқарас белсенді түрде қалыптаса бастады.

Қазақ тілін білу қоғамдық баспалдақпен сәтті көтерілудің негізгі талаптарының бірі болып табылады және де билингв санасында оның маңызын қатайта түседі. Соңғы пунктке келер болсақ, оқудың алғашқы курсында билингв үш тілді – қазақ, орыс және ағылшын тілдерін потенциалды түрде пайдалана алады, ал қазақ тіліне көбірек сүйену орыс тілінде сөйлеудің қалыптасуының жеткіліксіздігінен болады. Өз қатарластарымен орыс тілінде қарым-қатынас жасау оның тілдік мінез-құлқын айтарлықтай өзгертуі мүмкін, оқу курсының аяқ жағында орыс тілінің басымдылығын байқауға болады, сонымен қатар қазақ тілінің ағылшын тіліне ықпалының көтерілгенін байқаймыз. Айта кететін бір жайт, бұл теориялық қорытынды соңғы және мүлдем даусыз тұжырым деп қорытуға болмайды, өйткені, бұл қозғалып отырған мәселе бұдан да ауқымды, арнайы зерттеуді талап етеді. Біздің билингвтің басым тілін анықтауға жасап жатқан қадамдарымыз берілген шет тілін үйрену кезінде-ақ түрлі дәрежеде екі тілді меңгерген билингвтің ағылшынша сөйлеуіндегі синтаксистік интерференцияның негізгі көзін тауып, анықтау қажеттілігімен байланысты. Сондай-ақ, қазақ тілінің психологиялық басымдығы шет тілін (ағылшын) үйрену үдерісінде интерференциялық ықпалымен байқалады. Орыс тілінің ықпалы аздау, сондықтан да қарастырылып отырған тілдік тұлға шартты түрде «қазақ-ағылшын билингв» деген біліктілікке ие болады да, бұл тұрғыдағы ықпалдастық ағылшынша сөйлеу үстіндегі синтаксистік құрылымының тілдік нормадан ауытқуы арқылы көрініс береді. Еліміздегі тілдік саясат аясында және де осы жұмыста көрсетілгендей ағылшын

тілін үйрену барысында интерференттік қателерден сақтандыру проблемалары маңызды мәселеге айналып барады және бұл – біздің басты назар аударатын мәселеміз.

Қазақ тілі – ана тілі, ал ағылшын тілі үйренуші тілі болып табылатын билингвтің ауызша және жазбаша тілінде байқалатын қазақ-ағылшын синтаксистік интерференциясын зерттеу, сонымен қатар, нақты интерференциялардың шығу көзін, түрін және сипатын анықтау мынадай мәселелерді шешуді алға қояды:

❖ Қазақстан Республикасының тілдік жағдаятын талдай отырып, интерференцияның негізгі себебін анықтау мақсатымен жаңадан қалыптасып келе жатқан билингвтің басым тілін айқындау;

❖ билингвтің қостілді табиғатын түсіндіру мақсатымен классификациялаудың белгілі жүйелеріне сай қазақ-ағылшын билингвизмінің түрін анықтау;

❖ салғастырылушы тілдердегі болымды, болымсыз және сұраулы сөйлемдердегі сөз тәртібін қарастыру және ұқсастықтар мен айырмашылықтар негізінде потенциалды интерференцияның саласын айқындау;

❖ ағылшын тілінің сөйлем-демеулік жүйесіне (предлоги), олардың қазақ тілімен функционалдық сәйкестігіне, салғастырылушы тілдердегі белгілілік/ белгісіздік берілу жолына талдау жасау арқылы ұқсастықтар мен айырмашылықтар негізінде потенциалды интерференцияның саласын айқындау;

❖ нақты интерференцияны анықтау мақсатымен эксперимент жүргізу;

❖ эксперимент нәтижелерін анықтай отырып, синтаксистік интерференцияның объективті шығу көздері мен түрлерін, олардың себептерін анықтау. [2, 30]

Зерттеушілердің пікірінше, ағылшын тілін үйренушілердің синтаксистік тұрғыда жіберетін қателері тілді меңгерудің соңғы кезеңінде жүрген студенттерде яғни (upper-intermediate level) аз байқалған. Сонымен қатар қазақ тілділердің өзінде де орыс тілінің сөйлем құрылымының әсері сезіліп тұрады. Ағылшын тілін үйренушілер ішіндегі elementary немесе beginner деңгейіндегі студенттердің интерференттік қасиеті соңғы этаптағы студентке қарағанда үш есеге дейін көп екендігі анық көрінеді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздікке жеткеннен бері қостілділіктің дамуы және оның әл ахуалы күн тәртібінен түспей отыр. Қостілділікті дамыту – қазіргі заманның өзекті мәселелерінің бірі. Сондықтан да оны жан-жақты

ғылыми тұрғыдан зерттеу қоғамның еншісінде. Тілді білу – оңай шаруа емес. Ешкім туылғаннан қостілді болып туылмайды. Бұл үрдіс қажеттіліктен туындайды. Қазіргі уақытта көп

тіл білу – өмір қажеттілігі. Осы қажеттілік негізінде қостілділік пайда болып қалыптасады және қоғамда ұлт саны қаншама көп болса, ол үшін қостілділік пен көптілділік соншама керек.

#### Әдебиеттер

- 1 Вайнрайх У. Одноязычие и многоязычие // Новое в лингвистике. – Выпуск VI. – Москва: Прогресс, 1972. – С. 25-30.
- 2 Карлинский А.Е. Основы теории взаимодействия языков. – Алма-Ата: Ғылым, 1990. – 181 с.
- 3 Бактығалиевна Т.С. Влияние казахского языка на английскую речь билингвов на уровне простого предложения. Автореферат. – А., 2010. – 30 с.
- 4 Исенова Б.С. Интерференция при изучении английского грамматического минимума в казахской школе // Языковые контакты и интерференция. – Алма-Ата: КазГУ, 1984. – С. 38-39.

#### References

- 1 Vaynrayh U. Odnoyazychie i mnogoyazychie // Novoe v lingvistike. Vypusk VI. – Moskva: Progress, 1972. – S. 25-30.
- 2 Karlinskiy A.E. Osnovy teorii vzaimodeystviya yazykov. – Alma-Ata: Gylym, 1990. – 181 s.
- 3 Baktygalievna T.S. Vliyanie kazahskogo yazyka na angliyskuyu rech' bilingvov na urovne prostogo predlozheniya. Avtoreferat. – A., 2010. – 30 s.
- 4 Isenova B.S. Interferentsiya pri izuchenii angliyskogo grammaticheskogo minimuma v kazahskoy shkole // Yazykovye kontakty i interferentsiya. – Alma-Ata: KazGU, 1984. – S. 38-39.